

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің "Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 тамыздағы N 748 Қаулысы

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің "Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына шаруашылық жүргізу құқығындағы мынадай еншілес мемлекеттік кәсіпорындарды құруға рұқсат берілсін :

"Гидрометеорологиялық мониторинг орталығы", Алматы қаласы;

"Алматы гидрометеорология орталығы", Талдықорған қаласы.

2. "Қазгидромет" және "Қазавиамет" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы N 185 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 7, 51-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін :

көрсетілген қаулыға 1-қосымша мынадай мазмұндағы 14-2 және 14-3 жолдармен толықтырылсын :

"14-2. Гидрометеорологиялық мониторинг орталығы, Алматы қаласы

14-3. Алматы гидрометеорология орталығы, Талдықорған қаласы".

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі